 <p>СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ</p>	<p>«Қ.И.СӘТБАЕВ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ</p>	
<p>2-деңгейлі СМЖ құжаты</p>	<p>Құжатталған процедура</p>	<p>ҚазҰТЗУ ҚП 607-2023</p>
	<p>2023 жылғы «<u>01</u>» <u>09</u> №3 редакция</p>	

**ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНАНЫҢ АҚПАРАТТЫҚ
РЕСУРСТАРЫН БАСҚАРУ**


ҚазҰТЗУ ҚП 607-2023

АЛҒЫСӨЗ

1 «Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»
КЕАҚ Ғылыми кітапханасында **ӘЗІРЛЕНДІ**

Ғылыми кітапхананың директоры

«24» 08 2023 ж.



Б. Узбаева

2 КЕЛІСІЛДІ

Басқарма мүшесі – ғылым және
корпоративтік даму жөніндегі
проректор

«31» 08 2023 ж.



Е.Көлдеев

Заңгерлік қамтамасыз ету және
мемлекеттік сатып алу басқармасы
бастығының міндетін атқарушы

«29» 08 2023 ж.



Т.Абукенов

Бағалау және сапа бөлімінің
бастығы

«28» 08 2023 ж.



А.Сауранбаева

Құжаттамалық қамтамасыз ету
және мемлекеттік тілді дамыту
бөлімінің бастығы

«25» 08 2023 ж.



Ж.Орақбаева

3 Басқарманың 2023 жылғы «01» 09 № 13 шешімімен
БЕКІТІЛДІ

4 2019 жылғы 14 тамыздағы №2 редакцияның орнына **ЕНГІЗІЛДІ**

МАЗМҰНЫ

1	Жалпы ережелер	4
2	Нормативтік сілтемелер	4
3	Терминдер. Анықтамалар. Қысқартулар	6
4	Процестің мазмұны	8
5	Ақпараттық ресурстарын басқару» процесінің ішкі процестерін сәйкестендіру және сипаттау	9
6	Тәуекелдер және олардың алдын-алу шаралары	22
7	Процестің орындау нәтижелілігін және жақсартуларды бағалау	25
	ҚазҰТЗУ ҚП 607 «Ғылыми кітапхананың ақпараттық ресурстарын басқару» нысандарының тізбесі	28
	А-қосымшасы (процестің блок-схемасы)	30
	Өзгерістерді тіркеу парағы	33

1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Осы «Ғылыми кітапхананың ақпараттық ресурстарын басқару» құжатталған процедурасы «Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі - ҚазҰТЗУ) Ғылыми кітапханасының ақпараттық ресурстарын басқару процесіне қойылатын СМЖ талаптарын іске асыратын негізгі құжаты болып табылады.

1.2 Осы стандарт ҚазҰТЗУ-дың барлық бөлімшелерінде және Ғылыми кітапханада (бұдан әрі - ҒК) қолданылады және СМЖ құжаттарының құрамына кіреді.

1.3 Осы ҚП ҚазҰТЗУ-дың білім беру процесі мен ғылыми зерттеулерін кітапханалық-ақпараттық ресурстармен сапалы және жедел қамтамасыз ету мақсатында әзірленді.

2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

2 Ғылыми кітапхана өз қызметінде келесі нормативтік құжаттарды басшылыққа алады:

- ҚР 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-ІІІ «Білім туралы» Заңын;
- ҚР 2011 жылғы 18 ақпандағы №407-ІУ «Ғылым туралы» Заңын;
- ҚР 2006 жылғы 15 желтоқсандағы №407-ІУ «Мәдениет туралы»

Заңын;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы №391 «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» бұйрығын;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2003 жылғы 18 шілдедегі №508 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік білім беру ұйымдарының кітапханалар қорын қалыптастыру туралы нұсқаулықты;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы №44 «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының кітапханалар қорын қалыптастыру, пайдалану және сақтау жөніндегі қағидаларды бекіту туралы» бұйрығын;

- 2000 жылғы 17 тамыздағы №827 «Білім беру жүйесінің кітапханаларына арналған кітапхана ісі жөніндегі құжаттарды бекіту туралы» бұйрығын;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 16 қазандағы бұйрығымен бекітілген «Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» КЕАҚ Жарғысын;

- «Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» КЕАҚ Сапа саласындағы саясатын;
- «Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» КЕАҚ Сапа саласындағы мақсатын;
- ISO ХС 9001:2015 Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар;
- ISO ХС 9001:2015 Сапа менеджменті жүйелері. Негізгі ережелер және сөздік;
- МЕМСТ 7.0-99. Ақпарат, кітапхана және баспа ісі бойынша стандарттар жүйесі. Ақпараттық-кітапханалық қызмет, библиография. Терминдер мен анықтамалар;
- МЕМСТ 7.73-96. Ақпарат, кітапхана және баспа ісі бойынша стандарттар жүйесі. Ақпаратты іздеу және тарату. Терминдер мен анықтамалар;
- МЕМСТ 7.0-99. Ақпараттық-кітапханалық қызмет, библиография. Терминдер мен анықтамалар;
- ҚР СТ 1042-2001. Ұйымдастырушылық-өкімдік құжаттама. Құжаттарды ресімдеуге қойылатын талаптар;
- МЕМСТ 7.4-95. Басылымдар. Шығыс мәліметтері. Жалпы талаптар және ресімдеу ережелері;
- МЕМСТ 7.60-2003. Басылымдар. Негізгі түрлері. Терминдер мен анықтамалар (түзетілген);
- МЕМСТ 7.61-96. Басылымдар. Мемлекеттік (ұлттық) библиографиялық көрсеткіштер. Жалпы талаптар;
- 7.53-2001 МЕМСТ. Басылымдар. Кітаптарды халықаралық стандартты нөмірлеу;
- МЕМСТ 7.56-2002 (ИСО 3297-98). Басылымдар. Сериялы басылымдарды халықаралық стандартты нөмірлеу;
- МЕМСТ Р 7.0.12-2011. Ақпарат, кітапхана және баспа ісі бойынша стандарттар жүйесі. Библиографиялық жазба. Орыс тіліндегі сөздер мен сөз тіркестерін қысқарту. Жалпы талаптар мен ережелер;
- МЕМСТ 7.11-2004. Ақпарат, кітапхана және баспа ісі бойынша стандарттар жүйесі. Библиографиялық жазба. Шет еуропалық тілдердегі сөздер мен сөз тіркестерін қысқарту;
- МЕМСТ 7.74 1-96. Ақпараттық-іздеу тілдері. Терминдер мен анықтамалар;
- МЕМСТ 7.1-2003. Ақпарат, кітапхана және баспа ісі бойынша стандарттар жүйесі. Библиографиялық жазба. Библиографиялық сипаттама. Жалпы талаптар және құрастыру ережелері;
- МЕМСТ 7.59-2003. Құжаттарды индекстеу. Жүйелеу мен пәнге қойылатын жалпы талаптар (түзетумен);
- МЕМСТ 7.1-2003. Ақпарат, кітапхана және баспа ісі бойынша стандарттар жүйесі. Библиографиялық жазба. Библиографиялық сипаттама. Жалпы талаптар мен құрастыру ережелері;

- МЕМСТ 7.70-2003 Дерекқорлар мен машиналық-оқу информациянды ауқымдардың сипаттамасы. Құрамы мен сипаттама белгілері;
- МЕМСТ 7.71-96. (ИСО 6862-95) Библиографиялық ақпарат алмасуға арналған кодталған математикалық белгілердің топтамасы;
- МЕМСТ 7.76-96. Құжаттар қорын жинақтау. Библиография. Каталогтау. Терминдер мен анықтамалар;
- МЕМСТ 7.51-98. Каталогтар мен картотекаларға арналған карточкалар. Басылымда каталогтау. Деректердің құрамы, құрылымы және баспада ресімдеу;
- МЕМСТ 7.80-2000. Библиографиялық жазба. Тақырыбы. Жалпы талаптар мен құрастыру ережесі;
- МЕМСТ 7.82-2001. Библиографиялық жазба. Электрондық ресурстардың библиографиялық сипаттамасы. Жалпы талаптар мен құрастыру ережесі;
- МЕМСТ 7.9-95 (ИСО 214:76). Реферат және аңдатпа. Жалпы талаптар;
- МЕМСТ 7.83-2001. Электрондық басылымдар. Негізгі түрлері және шығыс мәліметтері;
- МЕМСТ Р 7.0.83-2013. СИБИД. Электрондық басылымдар. Негізгі түрлері және шығыс мәліметтері;
- МЕМСТ 7.48-2002. Құжаттарды консервациялау. Негізгі терминдер мен анықтамалар;
- МЕМСТ 7.50-2002. Құжаттарды консервациялау. Жалпы талаптар;
- МЕМСТ 7.87-2003. Кітап ескерткіштері. Жалпы талаптар;
- МЕМСТ 7.20-2000. Кітапхана статистикасы;
- МЕМСТ 7.35-81. Кітапханалық құжаттама. Бастапқы есепке алу құжаттары;
- Әмбебап ондық жіктеу, Кітапханалық-библиографиялық жіктеу кестелері;
- Библиограф/ғылыми ред. А.Н.Ванеев, В.А.Минкиннің анықтамасын;
- ҚазҰТЗУ Ғылыми кітапхана туралы ережесін;
- Лауазымдық нұсқаулықтарды.

3 ТЕРМИНДЕР. АНЫҚТАМАЛАР. ҚЫСҚАРТУЛАР

Автоматтандырылған кітапхана - ақпараттық жүйесі	Пайдаланушылардың сұраулары бойынша ақпарат жинауға, сақтауға, іздеуге және беруге арналған программалық-техникалық құралдар кешені
Библиографиялық жазба	Библиографиялық іздеу мақсатында құжатты сәйкестендіруге, оның құрамы мен мазмұнын ашуға мүмкіндік беретін құжат туралы мәліметтерді құжаттамалық нысанда тіркейтін библиографиялық ақпарат элементі

Кітапханалық қызмет	Кітапхана пайдаланушысының белгілі бір қажеттілігін қанағаттандыратын кітапханалық қызмет көрсетудің нақты нәтижесі (құжаттарды беру және абонементтеу, құжаттар, анықтамалар, көрмелер, кеңестер және т.б. туралы ақпарат)
Кітапханалық қызмет көрсету	Кітапхана қызметтерін ұсыну арқылы пайдаланушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін кітапхана қызметінің әртүрлі түрлерінің жиынтығы
Кітапханалық- ақпараттық қамтамасыз ету	Ақпаратқа ұзақ мерзімді қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін кітапханалық-ақпараттық ресурстар мен қызметтер
Кітапханалық- ақпараттық ресурстар	Тиімді ақпаратты алу үшін арнайы ұйымдастырылған кітапханалық-библиографиялық құжаттар жиынтығы
Виртуалды анықтамалық қызмет көрсету	Қашықтағы пайдаланушыларға телекоммуникациялық компьютерлік технологиялар арқылы нақты уақыт режимінде де, кітапханашымен диалог режимінде де электронды ақпарат беру арқылы қызмет көрсету
Деректер базасы	Жалпы пайдаланушы интерфейсі және деректерге қол жеткізу және өңдеу бағдарламалық құралы бар электрондық нысандағы құрылымдалған деректер жиынтығы
Құжат	Сақтау және қоғамдық пайдалану мақсатында уақыт пен кеңістікте беруге арналған мәтін, дыбыс жазу немесе сурет түріндегі оған тіркелген ақпараты бар материалдық объект
Кітапхана пайдаланушысының сұрау салуы	Кітапхана пайдаланушысының кітапхана немесе ақпараттық қызмет көрсетуге қойылатын талаптары
Ақпараттық ресурстар	Сенімді ақпаратты тиімді алу үшін ұйымдастырылған мәліметтер жиынтығы
Қорды жинақтау	Кітапхананың міндеттеріне сәйкес құжаттарды анықтау, іріктеу, тапсырыс беру, сатып алу, алу және тіркеу
Каталогтау	Кітапхана каталогтарын құруды және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін процестер жиынтығы
Процесс	Кірістерді шығысқа айналдыратын өзара байланысты және өзара әрекеттесетін қызмет түрлерінің жиынтығы
Қайта каталогтау	Карточкалық анықтамалық аппаратты машинада оқылатын мәліметтер базасына ретроспективті түрлендіру
Жүйеге келтіру	Сыныптамалық жүйелеу, қандай да бір жіктеу ақпараттық-іздеу тілінің ережелеріне сәйкес құжаттарға жіктеу
Электрондық басылым	Редакциялық-баспа өндеуден өткен, өзгермейтін түрде таратуға арналған, шығыс мәліметтері бар электрондық құжат (электрондық құжаттар тобы)
Электрондық ресурс	Электрондық деректер (сандар, әріптер, таңбалар, кескіндер немесе олардың комбинациялары түріндегі ақпарат) және оларды қолдайтын программалық-технологиялық құралдар
Электрондық кітапхана	Ақпараттық жүйеде локализацияланған, бірыңғай навигация және іздеу құралдарымен жабдықталған және ақпараттық-коммуникациялық желілер арқылы қолжетімді әртүрлі электрондық құжаттардың (оның ішінде кітаптардың) реттелген жинағы. Меншікті ЭК негізінен ЖОО немесе ұйым пайдаланушыларына бағытталған.

Электрондық кітапхана жүйесі	Электронды кітапхана жүйесі ЭК-дан тек «қазіргі кездегі нормативтік-құқықтық реттеудің ерекшеліктерімен», яғни Ресей Федерациясының жоғары оқу орындарына қойылатын бірқатар еркін формальды талаптарды орындаумен ерекшеленеді. ЭКЖ пайдаланушылары қол жеткізуді сатып алған кез келген тұлғалар/ұйымдар болып табылады.
АКАЖ	Автоматтандырылған кітапхана-ақпараттық жүйесі
АЖО	Автоматтандырылған жұмыс орны
ДБ	Деректер базасы
БЖ	Библиографиялық жазба
ҚП	Құжатталған процедура
МжКД	Маркетинг және коммуникациялар департаменті
ИБД	Инфрақұрылымды басқару департаменті
МЖМББС	Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты
МЕМСТ	Мемлекеттік стандарт
АТБ	Ақпараттық-талдау бөлімі
АБО	Ақпараттық-баспа орталығы
АР	Ақпараттық ресурстар
АМ	Ақпараттық мәдениет
ҚазҰТЗУ	Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті
ҚР БжТМ	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
ҒК	Ғылыми кітапхана
ҒЗЖ	Ғылыми-зерттеу жұмысы
КСБ	Кітап сақтау бөлімі
ҚЖжҒӨБ	Қор жинақтау және ғылыми өңдеу бөлімі
ЖАТБ	Жаңа ақпараттық технологиялар бөлімі
ККБ	Қызмет көрсету бөлімі
ҚІСБ	Құжатты іздестірудің сыртқы бейнесі
ПОҚ	Профессор-оқытушылар құрамы
СМЖ	Сапа менеджменті жүйесі
АІА	Анықтамалық-іздеу аппараты
ҚНМЕ	Құрылыс нормалары мен ережелері
ӘОЖ	Әмбебап ондық жіктеу
ЭК	Электрондық кітапхана
ЭКЖ	Электрондық кітапхана жүйелері
ЭК	Электрондық каталог

4 ПРОЦЕСТІҢ МАЗМҰНЫ

4.1 Кітапхананың «Ақпараттық ресурстарды басқару» процесі 6 ішкі процесті қамтиды:

1. Ғылыми кітапхана қызметін жоспарлау және ұйымдастырушылық-әдістемелік қамтамасыз ету;
2. Қорды кітаппен қамтамасыз ету, жинақтау және есепке алу;
3. Құжаттарды ғылыми өңдеу және АІА құру.

4. Кітапхана процестерін автоматтандыру және цифрлық ресурстар қорын қалыптастыру;

5. Оқу процесі мен ғылыми зерттеулерді ақпараттық-кітапханалық қолдау.

6. Қорды ұйымдастыру және сақтау.

Процесс иесі: Ғылыми кітапхана директоры.

4.2 Процеске қатысушылар: құжат ҚазҰТЗУ-дың барлық құрылымдық бөлімшелері мен Ғылыми кітапхана қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті.

5 «АҚПАРАТТЫҚ РЕСУРСТАРДЫ БАСҚАРУ» ПРОЦЕСІНІҢ ІШКІ ПРОЦЕСТЕРІН СӘЙКЕСТЕНДІРУ ЖӘНЕ СИПАТТАУ

5.1 «ҒК қызметін жоспарлау және ұйымдастырушылық-әдістемелік қамтамасыз ету» ішкі процесін сәйкестендіру және сипаттау

<i>Ішкі процестің сипаттамасы</i>	<i>Ішкі процестің қызметін сипаттау</i>
Ішкі процестің бағыты	Басқарушылық қызметті және ҒК жұмысының негізгі бағыттарын қамтамасыз ету.
Ішкі процесс мақсаты	Жалпы ҒК-ның тұрақты жұмыс істеуі және қарышты дамуы, сондай-ақ оның қызметінің негізгі бағыттары және өндірістік
Ішкі процесс иесі	ҒК директоры
Ішкі процеске қатысушылар	Кадрлар бөлімі, ҒК директорының орынбасары, ҒК бөлімдерінің меңгерушілері, ҒК қызметкерлері
Ішкі процеске кіру	ҚР БжҒМ, халықаралық аккредиттеу агенттіктерінің, МЖМББС нормативтік талаптары, ҚазҰТЗУ мен ҒК ағымдағы және перспективалық даму жоспарлары, ҒК қызметкерлерінің дағдылары мен құзыреттеріне қойылатын лауазымды біліктілік талаптары, қызметкердің біліктілігін арттыру қажеттілігі, кітапхана ісіндегі, АТ және ғылым мен тәжірибенің басқа да салалардағы идеялар мен инновациялар
Ішкі процеске бастамашылық жасайтын құжаттар немесе жазбалар мен оқиғалар	Ғылым және білім саласындағы инновациялар, ҚР БжҒМ нормативтік және өкімгерлік құжаттары, кітапхананы дамытудағы жаңа трендтер, ҒК МТБ дамыту жөніндегі шаралар, біліктілігін арттыру, қызметкерлердің кәсіби даму жоспарлары және басқалар
Ішкі процестен шығу	ҒК және бөлімдердің жұмыс жоспарларының, әлеуметтік зерттеулердің орындалуын мониторингтеу нәтижелері. Ғылыми кітапхананың материалдық-техникалық базасын жаңарту. Тұтынушылар үшін сатып алынған тауарлар мен ақпараттық ресурстар. Кітапхананы дамытудың іске асырылған жобалары мен бағдарламалары. Жаңа білім мен құзыреттілікті алуды растайтын қызметкерлердің сертификаттары
Шығуға қойылатын талаптар	ҒК миссиясына, мақсаты мен міндеттеріне сәйкестігі

Ішкі процестен туындайтын құжаттар немесе жазбалар	ҒК және бөлімдерінің жоспарлары, есептері. Кітапхана қызметін реттейтін нормативтік құжаттар, жергілікті нормативтік актілер, міндетті ережелер мен процедуралар, аналитикалық анықтамалар, инновациялар мен жаңа технологияларды енгізу актісі, Әдістемелік кеңестің шешімдері мен ұсыныстары. Қызметкерлерге сауалнама жүргізу. Қызметкерлерге ұсыныстар,
--	---

5.1.1 Ішкі процесті орындау регламенті

Бөлімшелердің жартыжылдық және күнтізбелік жылдағы есептері мен жұмыс жоспарларын дайындауды бөлім меңгерушілері нысан бойынша ҚазҰТЗУ 607-01-Ү, ҚазҰТЗУ 607-02-Ү жүзеге асырады. ҒК директоры жетекшілік ететін проректорға ҒК жұмыс жоспарын ҚазҰТЗУ 404-05-Ү бойынша келісуге ұсынады. ҒК жұмысы туралы есеп жоғары оқу орнының Ғылыми кеңесінің отырысында ҚазҰТЗУ 502-02-Ү кестесіне сәйкес ұсынылады және бекітіледі. СМЖ шеңберінде процестерді жақсарту және тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар ЖОО-да қабылданған нысандарға сәйкес әзірленеді. Кітапхананы тиімді басқару мен дамытуға ықпал ететін негізделген шешімдерді ұжымдық талқылау және қабылдау мақсатында ҒК Әдістемелік кеңесі жұмыс істейді. Басқарудың және әдістемелік қамтамасыз етудің, ҒК жақсартудың кіші процесінің нәтижелері Әдістемелік кеңестің шешімдерінің хаттамалары (ҚазҰТЗУ 403-02-Ү Хаттама), инновациялар мен озық тәжірибені (ҚазҰТЗУ607-03-Ү) енгізу картасы болып табылады. ҒК өз өкілеттіктері шеңберінде сыртқы әріптестермен өзара іс-қимыл жасау және іскерлік хат алмасуды жүзеге асыру үшін бланкті (ҚазҰТЗУ 607-04-Ү) пайдаланады.

ҒК жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін ҒК директоры ҚазҰТЗУ-дың тиісті қызметтеріне қолданыстағы нысандар (ҚазҰТЗУ 604-01-Ү Өнім сатып алуға тапсырма), (ҚазҰТЗУ 606-04-Ү БҰ жөндеуге беру актісі), (ҚазҰТЗУ 606-05-Ү. Жөндеуге қабылдау тапсыру актісі), (ҚазҰТЗУ 606-06-Ү. АКҚ сатып алуға өнім), (ҚазҰТЗУ 606-10-Ү. Сараптама актісі (бір АКҚ техникалық жағдайы), (ҚазҰТЗУ 606-07-Ү. Бөгде ұйым үшін ақпараттық-телекоммуникациялық қызмет көрсету бойынша жұмыстарды орындауға тапсырыс беру. Орындалған жұмыстарға акт) негізінде қажетті жабдықтар мен қызметтерге өтінімдер ұсынады.

5.2 «Кітаппен қамтамасыз ету, қорды жинақтау және есепке алу» ішкі процесін сәйкестендіру және сипаттау»

Ішкі процестің сипаттамасы	<i>Ішкі процестің қызметін сипаттау</i>
Ішкі процестің қысқаша сипаттамасы	Қорды құжаттардың барлық түрімен және үлгісімен, оның ішінде қашықтан қол жеткізудің электрондық ресурстарымен жинақтау. Құжаттарды есепке алу

Ішкі процестің бағыты	Білім беру бағдарламаларына, МЖМББС талаптарына, Ғылыми кітапхана міндеттеріне сәйкес құжаттарды алу және есепке алу, анықтау, іріктеу, тапсыру, сатып алу (сатып алу, ауыстыру, сыйға тарту)
Ішкі процестің мақсаты	МЖМББС, ҚР БжҒМ талаптарына және ҚазҰТЗУ бейініне сәйкес жоғары оқу орнының ғылыми-білім беру процесінің қажеттіліктерін кітапханалық-ақпараттық қамтамасыз ету
Ішкі процесс иесі	Қор жинақтау және ғылыми өңдеу бөлімінің меңгерушісі
Ішкі процеске қатысушылар	Академиялық мәселелер жөніндегі проректор, корпоративтік даму жөніндегі проректор, ЖОО кафедралары, ҒК директоры, ҒК бөлімдерінің меңгерушілері, бухгалтерия, мемлекеттік сатып алу басқармасы
Ішкі процеске кіру	Прайс парақтар, ақпараттық хаттар, каталогтар, кафедралардың өтінімдері, контингент туралы мәліметтер, жаңа мамандықтардың ашылуы. Деректер базасына, агрегаторларға, электрондық ресурстарды жеткізушілерге тестілік қол жеткізу. Кітапханалардың кітап алмасу туралы ұсыныстары, сыйға тарту. ҚР БжҒМ, басқа да мемлекеттік органдардың қордың жай-күйі
Ішкі процеске бастамашылық жасайтын құжаттар, жазбалар немесе оқиғалар	ҚР БжҒМ және халықаралық аккредиттеу агенттіктерінің нормативтік талаптары, білім беру бағдарламалары, ҒЗЖ орындау жоспары, сауалнама қорытындылары, бас тартуларды талдау, кітаппен қамтамасыз ету. Қордың құрамы және кітаппен қамтамасыз ету туралы аналитикалық материалдар
Ішкі процестен туындайтын құжаттар немесе жазбалар	Құжаттарға тапсырыс, құжаттарды жеткізуге арналған шарттар, тапсырыс берілген құжаттарға шот, әдебиеттерді алып тастау актілері. Жинақтау және кітаппен қамтамасыз етудің жай-күйі туралы анықтамалар мен есептер
Процестің шығуы	Қорға сатып алу, сыйға тарту және алмасу нәтижесінде түскен ілеспе құжаттары бар баспа басылымдары. Электрондық қашықтан қол жеткізу ресурстары (жыл сайынғы жазылым/ұзарту), мәңгілік пайдалануға арналған электрондық ресурстар жинағы.
Шығуға қойылатын талаптар	Қордың сапалық және сандық құрамы мен мазмұнының білім беру бағдарламаларының талаптарына және бухгалтерияның есепке алу құжаттарына сәйкестігі

5.1.2 Ішкі процесті орындау регламенті

«Кітаппен қамтамасыз ету, қорды жинақтау және есепке алу» ішкі процесі «Кітаппен қамтамасыз ету және қорды жинақтау», «Басылымдарды қабылдау және есепке алу. Есептен шығару» сияқты бағыттарды қамтиды.

Кітаппен қамтамасыз ету, қорды жинақтау.

Қор жинақтау және ғылыми өңдеу бөлімінің меңгерушісі оқу процесін қамтамасыз ету мақсатында жыл сайын кафедра меңгерушілерімен бірлесіп, қордың бейінін анықтайды. Пәндердің кітаппен қамтамасыз етілуіне мониторинг және талдау оқу жылының соңында Пәннің кітаппен қамтамасыз етілу картасына (ҚазҰТЗУ 607-05-Ү), кафедраның кітаппен қамтамасыз етілу

картасына (ҚазҰТЗУ 607-06-Ү) сәйкес «МегаПро» АИКЖ «Кітаппен қамтамасыз ету» модулінде кафедра үйлестірушілері мен оқытушыларының қатысумен жүргізіледі. Қор жинақтау және ғылыми өңдеу бөлімінің меңгерушісі профессор-оқытушылар құрамына баспалардың прайс-парақтарын ұсынады, білім беру бағдарламаларының бағыттары бойынша жаңа шыққан кітаптардың үлгілерімен таныстырады.

Қажетті құжаттарды сатып алуға өтінімдер кітапханаға қажеттілігіне қарай бір жыл ішінде жіберіледі.

Баспа оқу және ғылыми әдебиеттерді, мерзімді басылымдарды сатып алуға өтінімдер қажетті басылымдарды сатып алуға өтінімдерге (ҚазҰТЗУ 607-07-Ү), мерзімді басылымдарға жазылуға өтінімдерге (ҚазҰТЗУ 607-08-Ү), мерзімді басылымдарға жазылуға (ҚазҰТЗУ 607-09-Ү) сәйкес ресімделеді. Қазақстанның мерзімді және ресми басылымдарына жылдық жазылым, ресейлік басылымдарға жартыжылдық (жылына екі рет) жазылу ресімделеді.

Электрондық құжаттарға қажеттілікті зерделеу мақсатында кафедралардың өтінімдері негізінде ҒК қол қойылған лицензиялық ресурстарға (ҚазҰТЗУ 607-10-Ү) тестілік қолжетімділікті ұйымдастырады. Электрондық ресурстарды сатып алу өтінім (ҚазҰТЗУ 607-11Ү) негізінде жүзеге асырылады.

ҚЖЖҒӨ бөлімінің меңгерушісі, ҒК директорымен және ҒК бөлімдерінің меңгерушілерімен бірлесіп келіп түскен өтінімдерді зерделейді, қордың құрамын, басылымның өзектілігін, контингент пен сұранысты талдауды ескере отырып дана санын түзетеді. Құжаттарды сатып алуға арналған жиынтық тапсырыс жетекшілік ететін проректорға келісуге беріледі. Қол қойылған жиынтық өтінімді жинақтау бөлімі ЖОО-ның Мемлекеттік сатып алу басқармасына береді, ол процедураларды ҚазҰТЗУ ҚП 604 сәйкес жүзеге асырады.

ҚазҰТЗУ Баспа басқармасында шығарылатын оқу және ғылыми басылымдар ҚазҰТЗУ ҚП 608 сәйкес кітапханаға түседі.

Басылымдарды қабылдау және есепке алу. Есептен шығару.

Сатып алынатын басылымдарды қабылдау жеткізушілермен жасалған шартқа сәйкес жүзеге асырылады. Құжаттар келіп түскен кезде ҚР білім беру ұйымдары кітапханаларының кітапхана қорын есепке алу туралы ұсынымдарға сәйкес жиынтық және жеке есепке алу жүзеге асырылады. ҒК келіп түскен құжаттарды баспа түрінде, сондай-ақ «МегаПро» АИКЖ «Жинақтау» модулінде электронды түрде:

- баспа және электрондық ресурстарды жиынтық есепке алу кітабына (ҚазҰТЗУ 607- 12 Ү);
- түгендеу кітабына (ҚазҰТЗУ 607-13 Ү);
- түгендеусіз есепке алу карточкасына (ҚазҰТЗУ 607-14 Ү);

- «МегаПро» АИКЖ «Жазылым» модуліндегі мерзімді басылымдардың түсуін есепке алу парағында (ҚазҰТЗУ 607-15 Ү);
- кітаптар мен электрондық басылымдарды қабылдау актісіне (ҚазҰТЗУ 607-16 Ү);
- деректер базасы (электронды пакеттер) тізіліміне (ҚазҰТЗУ 607-17-Ү);
- деректер базасын (электронды пакеттерін) жинақталған есепке алу кітабына (ҚазҰТЗУ 607-18 Ү);
- сыйға тарту құжаттарын қабылдау актісіне (ҚазҰТЗУ 607-19 Ү) тіркеуді/есепке алуды жүргізеді.

Ақаулары бар басылымдарға Ақаулар туралы акт (ҚазҰТЗУ 607-20 Ү.) жасалады. ҚЖЖҒӨ бөлімі ҒК қорын тексеруді ұйымдастырады, Қорды тексеру актісін (ҚазҰТЗУ 607-21 Ү) жасайды. Құжаттарды есептен шығару Актіге (ҚазҰТЗУ 607-22 Ү) және тізімге (ҚазҰТЗУ 607-23 Ү) сәйкес жасалады. Қорға келіп түскен барлық басылымдарға кітапхана мөрі басылады.

5.3 «Құжаттарды ғылыми өңдеу және анықтамалық-іздігіру аппаратын құру» ішкі процесінің сәйкестендірілуі және сипаттамасы

<i>Процестің сипаттамасы</i>	<i>Ішкі процестің қызметін сипаттау</i>
Ішкі процестің бағыты:	Кітапхана қорының ЭК деректер базасында және қызметтік каталогта толық көрсетілуі
Ішкі процестің мақсаты:	Кітапхана қорында бар құжаттарды сәйкестендіруді, есепке алуды, іздеуді және пайдалануды қамтамасыз ететін АІА құру.
Ішкі процестің иесі	Каталогтау секторының меңгерушісі, ААБ меңгерушісі.
Ішкі процеске қатысушылар	ҒК бөлімдерінің меңгерушілері, ҒК пайдаланушылары мен қызметкерлері.
Ішкі процеске кіру	Жаңа кітаптар, мерзімді басылымдар, конференция материалдарының жинақтары және т.б. Ретроқор басылымдары. Библиографиялық жазбада анықталған қателер, дәлсіздіктер. ЭОЖ индексін қоюға оқырмандардың сұраныстары.
Ішкі процеске бастамашылық жасайтын құжаттар, жазбалар немесе оқиғалар	Ғылыми-білім беру процесінің ақпараттық қажеттіліктері. Жаңа БЖ енгізу және бейімдеу, түрлендіру кезінде қателерді жою. Ілеспе құжаттары бар басылымдардың түсуі. Қайта каталогтау. ҒК қорынан басылымдарды есептен шығару.
Ішкі процестен шығу	ЭК библиографиялық жазба, библиографиялық деректер базасы. Каталогтық карточкалар. Техникалық өңдеуден өткен құжаттар. Редакцияланған библиографиялық жазба. Шығарылған басылымдардың библиографиялық жазбалар мен карточкаларын жою. Ғылыми жарияланымдар үшін ЭОЖ индексі.
Шығуға қойылатын талаптар	Жасалатын библиографиялық өнімдердің стандарттар талаптарына сәйкестігі.
Ішкі процестен туындайтын құжаттар немесе жазбалар	Жолдамалар, ЭОЖ индекстерін беруді есепке алу журналы. Деректер базасының паспорттарына енгізілетін мәліметтер, жасалған және өңделген библиографиялық жазбалардың

5.3.1 «Құжаттарды ғылыми өңдеу және анықтамалық-іздістіру аппаратын құру» ішкі процесінің орындалу регламенті

«Құжаттарды ғылыми өңдеу және анықтамалық-іздістіру аппаратын құру» ішкі процесі жинақтау бөлімінен әдебиеттерді қабылдауды және басылымдардың барлық түрлерінің әдебиеттерін орталықтандырылған өңдеуді қамтиды: ӘОЖ кестесіне негізделген жүйелеу, сипаттама және техникалық өңдеу.

Кітаптарды, мерзімді басылымдарды және құжаттардың басқа түрлерін ғылыми өңдеудің нәтижесі қабылданған МЕМСТ негізінде жүзеге асырылатын "Мегапро "АИКЖ Каталогтау" модуліндегі (ҚазҰТЗУ 607-25 Ү) библиографиялық жазба болып табылады.

Қызметтік каталогтарды құру үшін каталог карточкасы (ҚазҰТЗУ 607-26 Ү) құрылады. Құрылатын деректер базасына жыл сайын (жыл соңында) паспорт (ҚазҰТЗУ 607-27 Ү) жасалады.

Табыстау актілері бойынша өңделген кітаптар кітапхананың тиісті бөлімдеріне жолдама (ҚазҰТЗУ 607-28 Ү) бойынша беріледі.

ҚазҰТЗУ оқырмандарының сұрауы бойынша шығарылымға дайындалып жатқан ҚазҰТЗУ және басқа ұйымдардың жарияланымдарына индекстерді қоюды есепке алу күнделігіне (ҚазҰТЗУ 607-29 Ү) ӘОЖ индекстерін беру жүзеге асырылады.

5.4 «Кітапхана процестерін автоматтандыру және цифрлық электрондық ресурстар қорын қалыптастыру» ішкі процесін сәйкестендіру және сипаттау.

Ішкі процестің сипаттамасы	Ішкі процестің қызметін сипаттау
Ішкі процестің бағыты	Лицензиялық бағдарламалық жасақтаманы енгізу, пайдалану, кітапхана ішіндегі процестерді техникалық және технологиялық қолдау. Ғылыми кітапхана қорын жинақтау бейініне сәйкес келетін құжаттарды анықтау, іріктеу және цифрландыру, ҚазҰТЗУ-дың деректер базасы мен электрондық коллекцияларының сақталуын қамтамасыз ету. "Антиплагиат" жүйесін әкімшілендіру, ПОК жұмысын плагиатқа тексеру.
Ішкі процестің мақсаты	АИКЖ жұмыс істеуін және ҒК электрондық ақпараттық ресурстары мен виртуалды қызметтерінің қолжетімділігін қамтамасыз ету. ҚазҰТЗУ ғалымдарының оқу және ғылыми басылымдарының,
Ішкі процесс иесі	ҒК директоры
Процеске қатысушылар	Академиялық мәселелер жөніндегі проректор, корпоративтік даму жөніндегі проректор, Цифрлық технологиялар және кәсіби дамыту институты, Инфрақұрылымды басқару департаменті, Қаржы және есеп департаменті, Заңгерлік қамтамасыз ету және мемлекеттік сатып алу басқармасы, ҒК директоры, ҒК бөлімдерінің

Ішкі процеске кіру	«МегаПро» АИКЖ модульдеріндегі қателерді, электрондық ресурстар мен қызметтердің қолжетімсіздігінің себептерін жоюға өтінімдер. Баспа құжаты. ПОҚ және басқа құқық иелерінің электрондық көшірмелері бар файлдары. Құжаттарды плагиатқа қарсы тексеруге өтінімдер. Жүйе модульдері мен жаңа технологияларды игерудегі қызметкерлер мен ПОҚ қажеттіліктері.
Ішкі процеске бастамашылық жасайтын құжаттар, жазбалар немесе оқиғалар	Бағдарламалық жасақтаманы сатып алу және орнату, АИКЖ бейімдеу, жаңа сервистерді енгізу, деректер базасын, ЭК, репозиторий және басқа да электрондық өнімдерді құру, олардың сақталуын қамтамасыз ету.
Ішкі процестен шығу	АИКЖ шығу формаларын алу. Деректер базасының сақтандыру көшірмелерін жасау. Сканерленген және цифрланған басылымдар, ЭК ДБ библиографиялық жазба. Жұмыстың түпнұсқалығын тексеру нәтижелері. Жабдықтың жұмысын қалпына келтіру, ақпараттық ресурстарға қол жеткізу. Компьютерлік жабдықтар мен мобильді қызметтерді пайдалануда жаңа дағдыларды игеру.
Шығуға қойылатын талаптар	АИКЖ тұрақты жұмыс істеуі. Жабдықтың жұмыс қабілеттілігі мен сенімділігі, жұмыстың жеделдігі мен уақтылығы, құрылған ақпараттық өнімдер мен қызметтердің сақталуы. ЭК контентінің ҚазҰТЗУ білім беру бағдарламаларының бейініне, ЖОО ҒЗЖ тақырыбына сәйкестігі. Жұмыстарды плагиатқа тексеру процедуралары мен талаптарын сақтау.

5.4.1 Ішкі процесті орындау регламенті

Ішкі процесс үш бағытты қамтиды: «Электрондық каталогтың (ЭК) деректер базасын әкімшілендіру», «Электрондық кітапхана және цифрлық ресурстар қорын қалыптастыру», «Антиплагиат» жүйесін әкімшілендіру.

Кітапхана процестерін кешенді автоматтандыру, ақпараттық ресурстарды басқару және оларға қол жеткізуді ұйымдастыру «МегаПро» АИКЖ-де жүзеге асырылады. Жүйеде 8 модуль бар: «Әкімшілендіру», «Кітаппен қамтамасыз ету», «Жинақтау», «Жазылым», «Электрондық кітапхана», «Каталогтау», «Тіркеу», «Қызмет көрсету».

Электрондық каталогтың (ЭК) ДБ әкімшілендіру.

«Әкімшілендіру» модулі web-интерфейс арқылы жүйенің функционалдығын реттеуді қамтамасыз етеді және жүйе әкімшісі құқықтары бар пайдаланушыға қол жетімді. Есептік жазбаларды жасау және пайдаланушылардың қол жеткізу құқықтарын тағайындау ҚазҰТЗУ 607-30 Ү нысаны бойынша жүзеге асырылады. Толық мәтінді файлдарды библиографиялық жазбаларға жүктеу және жалғастыру жүйеде 607-31 ҚазҰТЗУ Ү нысан бойынша жүргізіледі. Авторлық құқықты сақтай отырып, электрондық ресурстарды басқару ҚазҰТЗУ 607-32 Ү нысаны бойынша жүзеге асырылады. Мега Про АИКЖ анықтамаларды жасау және редакциялау (ҚазҰТЗУ 607-33 Ү).

Әкімгер ДБ құру/жою, ЭК ДБ сақтау (мұрағаттау), оларды авариялық жағдайлардан кейін қалпына келтіру, ДБ тұтастай және жекелеген жазбалардың құлпын ашу, жазбаларды импорттау/экспорттау, түсіру, сондай-ақ құжат файлдарын диагностикалау, ДБ сөздіктерін қайта ұйымдастыру, ресурстарды біріктіру және т.б. мәселелері бойынша АЖД және АИКЖ әзірлеушілерімен өзара іс-қимыл жасайды.

ЭК кітапханадан шығарылған 8 ДБ тұрады: Қор, Шетел әдебиеті, Мақалалар, Авторефераттар/диссертациялар, Әдістемелік нұсқаулар және т.б. ЭК ДБ негізгі құрушылары: жинақтау бөлімі, каталогтау секторы, ақпараттық-талдау бөлімі.

Электрондық кітапханадағы жазбаларды (жазбалардың сапасы, өрістерді толтырудың дұрыстығы, орфографиялық қателер) бақылауды ДБ жасаушылар жүзеге асырады.

Қызметкерлердің қателерді жою және АИКЖ бейімдеу жөніндегі өтінімдері мен ұсыныстарын есепке алу ҚазҰТЗУ 607-33 Ү нысаны бойынша есепке алу журналында жүргізіледі.

Электрондық кітапхана және цифрлық ресурстар қорын қалыптастыру.

ЭК қоры оқу процесіне (ҚазҰТЗУ 607-33 Ү) арналған материалдарды сканерлеуге арналған өтінімдер негізінде дайындалған басылымдармен толықтырылды. ЭК қалыптастыру көздері ЖОО-да шығарылатын оқу және ғылыми материалдар; бөгде авторлар/ұйымдар беретін құжаттар; авторлық құқық нормаларына сәйкес қоғамдық байлыққа өткен және «жетім» туындыларға өткен басылымдар болып табылады. Сканерленген және цифрланған құжаттар «Мегапро» АИКЖ «Электрондық каталог» модулінің деректер базасында Ғылыми кітапхананың <http://192.168.12.230/tegeapro/web> парақшасында орналастырылады.

